**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы №9 орта мектеп жанындағы шағын орталық**

**Еркетай ортаңғы тобы**

**Балалардың жасы 3-4 жас**

**Қыркүйек 3- апта 2023 ж**

| Апта күндері | *Дүйсенбі 18.09* | *Сейсенбі 19.09* | *Сәрсенбі 20.09* | *Бейсенбі 21.09* | *Жұма 22.09* |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **Әңгімелесу: «Балабақшаға немен келдік»**<br>**Мақсаты**: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. **(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағды)** | **«Табиғат бұрышына саяхат»**<br>**Мақсаты:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. Аквариумдағы балықтар бойынша әңгімелеуге, «Алтын балық» туралы ертегі тыңдауғауға үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет- әлеуметтік эмоционалдық коммуникативтік дағды)** | **«Кап-кап тук тук»** әні<br>Көңілді ән айту, би билету арқылы дамытушы ойындарды, қимыл әрекет жаттығуларды қолдану сөздік қорды байыту;<br>**(музыка**** , дене шынықтыру** шығармашылық дағдыны дамытуфизикалық даму дағдысы)** | **Аквариумдағы балықтарды қоректендіру.**<br>Мақсат-міндеттері.<br>Балыққа қамқорлық жасауға дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылық таныту.<br>**(Сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік, әлеуметтік эмоционалдық дағдылар)** | **"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісінің желісімен) үстел ойыны.**<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Жануар түрлерінің атауын қазақ тілінде айтқызу.<br>Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетеді, балалар оларды атайды.<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі***-коммуникативтік дағдылар)** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Педагогтің ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беруі; мектепке дейінгі мекеменің тәртіп ережелері жайлы ақпарат беру; балаларды мәдени-гигиеналық ережелермен таныстыру; балаларға қолайлы орта туғызу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Саусаққа арналған жаттығу. "Сәбізден салат жасаймыз".**<br>Мақсат. Балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>**(сөйлеуді дамыту, музыка****-коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** | **"Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсат.<br>суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай | **" Алтын күн Сәлем!» саусақ жаттығуы.**<br>Мақсаты: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту.Қолды қағаз бетіне дәстүрден тыс әдіспен бастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу- коммуникативтік, шығармашылық** | **"Кел санайық Санамақ". Саусақ жаттығуы**<br>**М. Қуанышбеков**<br>Мақсаты: шағын санамақ тақпақты мәнерлеп жатқа айтуға, сандарды ретімен санап жаттықтыру.,<br>**(көркем әдебиет, математика негіздері,** | **"Дыбыс қай тұстан шықты"ойыны.**<br>Мақсат: шеңбер бойымен жүруді үйрету, мәтіндегі сөздерге сәйкес қимылдарды жасауға баулу.<br>**(музыка****шығармашылық дағды)**<br><br>**Логикалық ойындар**<br>Қиылған суреттерді бір тұтасқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Кемпірқосақ" ойыны.**<br>Мақсаты. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Балалар ортаға шығып, түстердің атауларын атайды. Бір бала қарамай тұрып, қайсы қандай түс екенін қазақ тілінде айтып береді.Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>**(сөйлеуді дамыту, математика негіздері. Сурет салу-коммуникативтік, танымдық зияткерлік. Шығармашылық дағдылар** | орналастыру, әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математ, құрастыру--коммуникативтік, танымдық зияткерлік,**<br>**әлеуметтік, Шығармашылық дағдылар )**<br><br>**ика негіздері** | **дағдылар)** | **коммуникативтік, танымдық, дағдылар)** | жинау ойындары (3-6 бөлік).<br>**(математика негіздері, құрастыру-танымдық, шығармашылық дағдылар)**<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. |
| | | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ келетін текшелермен)**<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп: "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне!", "Міне!" дейді.<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде<br>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "Міне!" дейді.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарды көкірек тұсында ұстап, алақанды жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақан ашып "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны.** | **"Өз үйінді тап" дидактикалық ойыны.** | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** | **"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны.** | **"Менің қалам" тақырыбында әңгімелесу.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты. Қаланың көрнекті жерлері<br>тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою,шағын тақпақты мәнерлеп жатқа айтуға, сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеуді меңгерту,<br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, мүсіндеу, қазақ тілі***- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** | Мақсаты. Өз қаласы туралы, ондағы үйдің орны, әртүрлі ғимараттар туралы білімді қалыптастыру;<br>бейнелі сөздерді есте сақтауға, шағын тақпақты мәнерлеп жатқа айтуға.<br>сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету, өз үйлерінің суретін салуда түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру:<br>**(көркем әдебиет,қазақ тілі***, сурет салу- коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** | Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту;<br>Сөздік қорларын молайту, дайын пішіндерден ағаш бейнесін желімдеп жапсыруды меңгерту;<br>**(сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру жапсыру, коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** | Мақсаты. Балалардың туған жер туралы білімдерін бекіту, сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету<br>дөңгелек пішінді заттардың суретін салу,<br>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау<br>**(қазақ тілі***, сурет салу, музыка**** коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** | Мақсаты. "Менің қалам" тақырыбында байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау. Белгілі бір нәрсені бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу<br>**(сөйлеуді дамыту, сурет салу коммуникативтік, шығармашылық дағдылар)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>"Аяқтың ұшымен жүрейік".<br>Мақсаты. Балаларды биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын жетілдіру; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Пысықтау ойыны арқылы заттарды көлеміне қарай сәйкестендіру іскерліктерін дамыту.<br>**"Үш аю" ойыны.**<br>Мақсаты. Аюлардың көлемдеріне қарай суреттерді сәйкестендіру.<br>**(танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** | **Қазақ тілі**<br>"Үй жануарлары және оның төлдері".<br>Мақсаты. Қазақ тілін тыңдауды, түсінді, қабылдауды үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануды үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен - кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру.<br>**"Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз".**<br>Біз қадам жасап келеміз:<br>Топ - топ - топ, | **Дене шынықтыру**<br>"Тақтайдың үстімен бірге жүрейік".<br>Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске түсу және аяқтың ұшымен денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін жетілдіру; биік қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу техникаларын | **Музыка**<br>**Дене шынықтыру**<br>"Күн дидарлы Қазақстан".<br>Мақсаты. Балаларды сап түзеп, бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>**"Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Топ - топ - топ (бір орында адымдау, аяқты топылдату)<br>Біз үлкенбіз, өсіп келеміз:<br>Алақанды соғайық,<br>Алақанды соғайық (бастан жоғары шапалақ ұру)<br>Аяқтың ұшына тұрайық,<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (аяқтың ұшына тұрып, қолдарын жоғары созу)<br>Саңырауқұлақтардай отырайық.<br>Былай, былай,<br>Былай, былай. (тізе бүгіп, жүресінен отыру) | бекіту.<br>**"Пойыз" қимылды ойыны.** Мақсаты. Пойыз ұқсап сапты бұзбай жүруді үйрету. **(дене шынықтыру)** | Мақсаты. Допты дәлдеп лақтыруға, нысанаға қарай көздеуді үйрету.<br>**(дене шынықтыру)** | |
| | **Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, ағаштармен таныстыруды жалғастыру; ағашты табиғаттың бір бөлігі ретінде құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (аумақты тазарту).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге, қойылған мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қайыңға қарай жүгір". (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Күн райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау).**<br>Мақсаты. Жұмыс істеуге құштарлықты тәрбиелеу.<br>**"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балалардың кегли арасымен баяу және ептілікпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту.<br>Құралдар: кегльдер.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. маусымдық құбылыстарды бақылауды үйрету; осы құбылыстың ерекшеліктерін байқау, қорытынды жасау.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп жұмыс істеуге ұмтылысты тәрбиелеу.<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. Балаларды мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>**Өзіндік еркін ойын** | **Жыл құстарын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Жыл құстары туралы білімдерін кеңейту; суық түскенде құстардың тіршілігі; құстарға сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Еңбек тапсырмалары (ағаш тұқымдарын жинау).**<br>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай".**<br>Мақсаты. Құстарға тән қимыл-қозғалыстар туралы білімдерін бекіту; құстарға еліктеп дыбыстарын салуды үйрету. | **Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсаты. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру; зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Мақсаты. шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>**Еңбек тапсырмасы:** құмсалғыштың шетінен құмды ішке қарай сыпыру.<br>Мақсаты. Тазалыққа тәрбиелеу.<br>**Балалардың еркін ойындары.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Жеке жұмыс:**Азиз Алим күз айларын атау<br>**Өзіндік еркін ойын** | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **Ойын-жаттығу. "Қазақстан туралы әңгімелесу".**<br>Мақсаты. Балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы және Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету, дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауды үйрету;<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру-коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар)** | **Дидактикалық ойын."Жалауша".**<br>Мақсаты. Балаларға жалауша туралы түсінік беруді жалғастыру,<br>ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдаланып жалаушаның бейнесін мүсіндеуді меңгерту.<br>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.<br>**(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, музыка****-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)** | **Қимылды ойын-жаттығу**<br>Ақ көгершін"<br>Мақсаты. Балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын ,<br>"көп", "біреу", деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеп ,<br>сопақшалап көгершін құсын жасап мүсіндеу<br>**(математика негіздері, мүсіндеу- танымдық, шығармашылық дағдылар)** | **"Менің үйім" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты. Балаларды отбасылық қатынастарды көбейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан түсіндіруге шақыру, қамыр кесектерінен бөліп алып үйдің бөліктерін ширату, созу тәсілдерін пайдалана білуді меңгерту. әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру<br>**(сөйлеуді дамыту, мүсіндеу, құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)** | **Ойын-жаттығу. "Мұрагер".ертегісі.**<br>Мақсаты. Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық<br>**(көркем әдебиет, мүсіндеу коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Тіл,қол жаттығулары.**<br>Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту. | **"Туған елдің ұлымын" тақпағын жаттау.**<br>Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлеңдер мен тақпақтарды айтқызу. | **"Үйдің есігін жабайық" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. | **"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы әңгіме | **"Күз" тақпағын жаттау.**<br>Мақсаты. Бала тілін жаттықтыру. Әртүрлі өлең, тақпақтарды айтқызу. Мұқатай Жылқыайдарұлы "Күз".<br>Бұлт болып та Алатауға<br>Байланыпты алтын күз.<br>Дастарқанда таба нанға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрастыруды ұсынады | Айналыпты алтын күз. |
| **Серуенге дайындық** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуен** | **Ағаштарды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліне байланысты сипаттамалық ерекшеліктер мен өзгерістерді көрсете отырып, қайыңмен таныстыруды жалғастыру;<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допқа қарай жүгір". (дене-шынықтыру**)**<br>Мақсаты. Шапшаңдаққа, епттілікке баулу.<br>**Еркін ойын** | **Ауа райын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғаттың қалай өзгергеніне назар аудару; табиғи өзгерістерді салыстыруды үйрету.<br>**Қимылдық ойын: "Мені қуып жет!".**<br>Мақсат-міндеттері. Дұрыс бағытта жүгіруді үйрету.<br>**Еркін ойын** | **Ауа райының жағдайын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Табиғи құбылыстың бірі - тұман туралы түсінік қалыптастыру;<br>**"Себетке допты лақтыр" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру**)**<br>Мақсаты. мергендікке, шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойын** | **Жыл құстарын бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттер: жыл құстары туралы білімдерін кеңейту<br>**Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ит пен торғай". (дене шынықтыру)****<br>Мақсаты. шапшаңдыққа, зеректікке баулу.<br>**Еркін ойын** | **Торғайды бақылауды жалғастыру.**<br>Мақсат-міндеттері. Торғай туралы түсініктерді жетілдіру, зеректікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.<br>**"Мысық пен торғайлар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру**)**<br>Мақсаты. шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу.<br>**Еркін ойын** |
| **Серуеннен оралу** | Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жуу әдетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, дербес әрекет)**<br>Жуунуға арналған жаттамақ жаттығуы.<br>Мақсат-міндеттері. Есте сақтау, қабылдау, елестету, сөйлеу қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Күз мезгіліне байланысты тақпақтар жаттау.<br>**(көркем әдебиеткоммуникативтік)** | Музыкалық аспаптармен ойындар<br>**«Бұл қандай әуен»**<br>. Күз мезгіліне байланысты әндерді тыңдау және үйрету. Күз мерекесіне дайындалу. дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасау.<br>**(Сөйлеуді дамыту, жапсыру, музыка-коммуникативтік шығармашылық дағды)** | **Театрлық қойылым**<br>«Шалқан». ертегісі<br>Мақсаты:ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену<br>әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстардан бейне құрастыру<br>**(көркем әдебиет, қазақ тілі***құрастыру-коммуникативтік, шығармашылық, дағдылар)** | **"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын.**<br>Мақсаты. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту.<br>Дайын пішіндерден Шөл арқылы, тау соқпағымен, батпақбейнесін әсемдеп жапсыру;<br>**(сөйлеуді дамыту жапсыру-шығармашылық дағды)** | **«Күздің базарлығы»**<br>**Мақсаты:** қиылғандайын көкөніс, жемістерді себетерге орналастырып жапсыруды үйрету;<br>**(сөйлеуді дамыту, жапсыру шығармашылық дағды )** |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Ата-аналарға кеңес: "Бала тәрбиесіндегі қиыншылықтар"; "Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру керек"; "Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары". | | | | |